


Мінуар
ӘКІМХАНОВ

Қош
келдін,
қоңыр
күз





Мінуар ӘКІМХАНОВ



Алматы
“Кайнар”
2006

ББК 84 Каз. 7-5

Ә 47

*Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінің бағдарламасы
бойынша шығарылып отыр*

Әкімханов М.

Ә 47 Қош келдің, қоңыр күз. Өлеңдер. — Алматы:
«Қайнар» баспасы, 2006. — 184 бет.

ISBN 9965-9948-3-8

Белгілі ақынның бұл жинағына оның жастық шақ, махаббат, туған ауыл тақырыбына арналған лирикалық өлеңдері топтастырылған. Бұл өлеңдердің дені кезінде республикалық жастар басылымдарының бетінде жарияланып, оқырман ықыласына ие болған.


Кітап калың оқырманға арналған.

Ә $\frac{4702250202}{403(05)-06}$

ББК 84 Каз. 7-5

ISBN 9965-9948-3-8

© Әкімханов М., 2006
© «Қайнар» баспасы, 2006



*Бұл жыр жинағымды аяулы
анам Ұлманның рухына арнаймын.*

Автор

УАҚЫТ

Шолып көрсем жылдар көшін көңілмен,
Күннің босқа өткізіпін көбін мен.
Көкірегіме айқыш-ұйқыш жол салып,
Арман құсы жиі ұшыпты көгімнен.

Кетгі ұйқымен талай мылқау түн жылап,
Қала алмадым көкірекке жыр құрап.
Бекер өткен күндерімнен ұялып,
Мен отырмын ойға батып, түнжырап.

Тындырмаған ісім менің көп қалай,
Әлі уақыт өтіп жатыр тоқтамай,
Жарқылдаған жастығымның сәулесін,
Кете алмаймын әр күніңнен жоқтамай.

Мен де өмірдің алға жүзген кемесі ем,
Айтшы уақыт, саған қай күн теңесем?
Шауып келем өзіңменен жарысып,
Кетіп қалып жүрмесін деп көп есем.

АБАЙЫМ МЕНІҢ

Қайыспай қарсы алатын ғасырларды,
Шың десем, кім таласар, басың қарлы.
Өзіңе табындырдың хас талантты —
Кешегі Мұқағали, Қасымдарды.

Жырыңа секілді бір нұрдай тұнған,
Білемін, бірде қатал сын да айтылған.
Абайым, аңғарғанға, шынарсың сен,
Замана дауылына сынбай тұрған.

Өр даңқың жайлап алған қиыр түпті.
(Бізге оны тәңір мәңгі бұйыртыпты).
Жандарды жасыра алман менсінбейтін,
Аяулы Абайымның тілін тіпті.

Әлемге әйгіленіп дара тұлған,
Атыңды нәресте алды жаңа туған.
Мақтанып айтар болсам, ақынсың ғой,
Қазақтың бағына тек жаратылған.

Жүп-жұмыр мағынасы лағыл, терең,
Дәл сендей жазбасам да алымды өлең,
Шындықтың шырқын бүзбай сөйлер болсам,
Өзінді тот баспайтын арым көрем!

Қол бұлғап кеткеніңмен алыс қанша,
Бас иді күдіретіңе таныс барша.
Ұлы деп қастерлейді келер ұрпақ,
Алысқан “мыңмен жалғыз” арыстанша!

Жаныңа жақындатпай жалған мұңды,
Көкседің келешектен арман құнды.
Біз үшін бір өкініш — көре алмадың
Өз халқың азаттығын алған күнді.

Шыңғыстау — қарапайым Қарауылдай,
Қазақ жоқ, жерде өссе де дара мұндай.
Деймін де сұрағанға мақтанышпен,
Даңқынды тік көтерем жалауымдай!

ҚОШ КЕЛДІҢ, ҚОҢЫР КҮЗ

Қош келдің, қол алыс қоңыр күз,
Сен маған сыйла енді жылы ойлар.
Кеудеме қалдырды толымды із,
Басымнен өткен көп жыл-айлар.

Қоштасып жазыммен, көктеммен,
Қол арттым пайғамбар жасына.
Өзінді күткенмін көптен мен,
Сен серік бол енді қасыма.

Базарлық әкелдің сен қандай әуелі?
Соныңды айт, қоңыр күз қол алған.
Бола алсаң жемісті мәуелі,
Шығардай жаңа бір жол алдан.

Жас болдым, мен дағы дәмелі жеңістен,
Жетпеді созсам да қолым жүз.
Сен мені кем етпе жемістен,
Төрге озған мәуелі қоңыр күз!

АЙТШЫ СЕН

Білемін, ақылдысың, байсалдысың,
Бірде айттың көңіліңнің жобасын бар.
Сөздерің көкірегіме ой салады шын,
Айтшы сен, қандай жанға боласың жар?

Сен бұған нақты жауап қайтармадың,
Жан демен, дос сөзіне сүйенбеген.
Қарғам-ау, әлгінде айтқан қайда арманың,
Біреуді шын жүректен сүйем деген?!

Бейне бір туған балдыз сияқтанып,
Тыңдайсың әңгіме айтсам күліп қана.
Кей кезде сөз сөйлесең сыр ақтарып,
Көздерің нұрланады тұнық қара...

1966 ж.

ЖОЛЫҚТЫҢ БЕКЕР МАҒАН

Бекер маған жолықтың, бекер маған,
Қадіріңе тірлік те жетер ме ағаң!?
Үмітіңнің ақ гүлін үсік шалса,
Көп ұсталған бұйымдай кетер бағаң.

Бекер маған жолықтың, бекер маған,
Төмендейді-ау, тәп-тәтті шекер бағаң.
Көңілім менің риза болсын десең,
Өлеңімді қабылда жеке арнаған.

Алыс жүрсең жақсы еді, жақын келмей,
Сезім жеңсе өкініш – ақыл жеңбей!
Уысыңнан әп-сәтте шығып кетер,
Мұңлы-ой басқан омыраулы ақын мендей.

Отырмын, жаз қоштасып, күзге ауыз сап,
Мені енді шақырмайды қыз дауыстап.
Басына жарқабақтың жақындаттың,
Мертікпейік, жүрген жөн бізге алыстап.

Бекер маған жолықтың, бекер маған,
Артық сөз айтсам, кеміп кетер бағаң.
Қанатыңды қаға бер биіктерге,
Арманым боп қалайын жете алмаған!

Өлең жазсам атыңа жеке арнаған,
Дей алмаймын биіктеп кетер бағам.
Өз қайғымнан қаймығып жүрген шақта,
Жолықтың ғой, жолықтың бекер маған.

Десең де менен неге түңілді ағам,
Биікте – өзіңе-өзің үңіл – бағаң.
Көзінен нұр төгілген сендей жанмен,
Қоштасу қиын боп тұр бүгін маған.

Жан екенсің жақұтқа жетер бағаң,
Бекер маған жолықтың, бекер маған

Ой келе ме көңіліңе оңашада,
Дегендей бір, сертіне бекем бе ағам!?

«Кірленбесін» деп ойлап ертең жағам,
Желге қарсы көтермес желкенді ағам.
Аз отырып, әңгіме-дүкен құрдық,
Бұл тоқшылық талайға жетер маған!

Бара жатыр сұраққа құлақ тұнып,
Кетейікші ат басын жырақ бұрып.
Жолыққанның сәтсіздеу болғанымен,
Сен маған, қош дей көрме, жылап тұрып!

СЕКІЛДІМІН

Дүниеге келдім күзде ызғарлы,
Тау баурайын мекен еттік біз қарлы.
Жалаң аяқ жар жағалай жүгірдім,
Дей алмаймын, шық үстінде із қалды.

Сол тау есте басы бұлтты, мұнарлы,
Жер еді бір, ну орманды, құнарлы.
Қозы бақтым «сүйенішім болды» деп,
Маған көйлек кигізді әжем тұмарлы.

Есірмедім, қызық үшін бес күнгі,
Біреу, бәлкім, дейді мұны ескі үлгі.
Тұмар жейде кигізгенде деді әжем:
Сен басыңнан аттатпағын ешкімді.

Айтқаным ғой, досым, саған жан сыр қып,
Жүйрік күндер алға қарай қашты ырғып.
Болсам да егде кей мықтыға жасырман,
Көрген жоқпын, өп-өтірік бас шұлғып.

Туған өңір түске енеді көз ілсем,
Арқау еттім, әңгіме айтып көсілсем.

Мінезіме таудан жұққан ызғар ғой,
Кейбір жанға сәл суықтау көрінсем.

Жасырмаймын, ащыны көп татқанмын,
Содан шығар, аздау емес татқан мұң.
Жүріс сылбыр, сыртым қораш болса егер,
Тарлан таудың табиғатына тартқанмын.

Бітпеді әлі ойыма алған барлық іс,
Секілдімін пана іздеген жарлы құс.
Жан шуағын сезбеген соң анамның,
Маған жылы көрінеді қарлы қыс.

АЛПЫСТАМЫН

Кез келіп ем, ауылына алпыстың,
Өзі екен ғой, шақырайған талтүстің.
Қуанарым — қалған жоқпын бұл жаста,
Ортасында тартыстың.

Өтті дәйім еңбекпенен ғұмырым,
Шатақ билеп, шайқалған жоқ тұнығым.
Алға қарай қадам басқан сайын мен,
«Биік болса екен», — дедім тұғырым.

Жас шағымда жалын атқан бай кісі ем,
Қарттық жетсе, қайда қашып, қайғы ішем?
Көп өзгеріс көрінбейді, сәл ғана
Салқын тартты сары күздей бәйбішем.

Мен туралы айта берсін жұрт жалған,
Көкірегіме көк қынадай жұқты арман!
Замананың ірілі-ұсақ ісіне,
Жан емеспін сырт қалған.

Қуаныш пен қайғы басқа қабат кеп,
Тұрғанда да қалған жоқпын қарап тек,
Жүрегімнен жыр ұсындым халқыма
Қажетіңе жарат деп.

Көргенім жоқ тау қопарып, тас шағып,
Бас имедім әлде кімді патша ғып.
Мақтанам сол – айтқанымды ұрпағым,
Қабыл алып жатса құп!

17.Х.2003.

НҰРЛАНДЫ КӨҢІЛ КӨЗІ

Танытып, денсаулыққа алғыс кейпін,
Үйге енді жаңа таныс алпыс дейтін.
Жымиып миығынан күле қарап:
«Мен, – деді, – ақбас досың алда іздейтін».

Қартаңсып қалғанымен жан сымбатым,
Қарсы алдым мосқал досты жатсынбадым.
Бір жылғы төл болған соң төрге оздырдым,
Керағар кей сөзіне шарт сынбадым.

Құрдасым тұйық біреу болмай шықты,
Әзілге, әңгімеге сондай мықты.
Аталық жасқа лайық сыр-сипатпен,
Қандырды тыңдаушыны сөзге айшықты.

Асыпты алпыс асу ынтық күшпен,
Сөздерін мақұлдадық түйдік те іштен.
Қалыпты тісі қаусап, бетінде әжім,
Шашын да жасырмады «жидіп түскен».

Кім білмес, жастық шақтың жалт бұрмасын,
Кеткен соң бастан ұшып таптырмасын.
Бір сәтке көңіл көзін нұрландырды,
Үйге енген жаңа таныс, жан құрдасым.



ҚАЙТЕМ ЕЛДІҢ ЕРТЕГІСІН

(Исжанға)

I жыр

Тартсақ та тапшылықты күн көрістен,
Жандармыз талай тәтті сыр бөліскен.
Кеудеме сақтап өтем сол алғашқы
Алмадай ақ жүзінді күзде піскен.

Қалсам да елп етесің күрт жөтеліп,
Болған жоқ, қарыз-парыз тіпті өтеліп.
Кездейсоқ құлап түссем «құдай ұрып»,
Әкеттің қолтығымнан тік көтеріп.

Пайдасыз қайтем елдің ертегісін,
Болмады сенен жақын жерде кісім.
Өзіңе сенім арттым сын жолында,
Өзгеге түспеу үшін ертең ісім.

Заманның қарсы қарап ұшқан желі
Тал түсте талай тарнып ысқан да еді,
Сондайда қолқанат боп сүйедің де,
Жан-жақтан талағанда дұшпан мені.

Жандар ек, арналы бір арман қуған,
Есейдік, бізге жат боп қалған думан.
Шаршасам, бойым сергіп серпілемін
Жарқ етіп жанарыңнан тамған нұрдан.

Десең де, көргенінді теріп, тіздің,
Жүргем жоқ әлде кімге беріп тізгін.
Қоңырқай тірлік кештік жасырмаймын,
Алайда босағамыз берік біздің.

II жыр

Таныстық, басқа жолға жүгірмедік,
Біреуге ақыл сұрап жүгінбедік.

Жүректер бірін-бірі ұғынысты,
Отырмыз отбасы боп бүгін берік.
Жайымды қалған жоқсың келіп білмей,
Жүрсің сен бар-жоғыма көніп бірдей.
Кеудемді қуанышқа толтыра бер,
Шуағын жанарыңның төгіп күндей.

Өзіңе тіршілікті қаратқандай,
Алдымнан күліп шықсаң — таң атқандай.
Аяулым албыраған ажарыңа,
Көздерім жүрсін күнде қарап қанбай.

Қалса да кей ісімді басқа ұнатпай,
Өтермін өрісіңе тас құлатпай.
Сол болсын кісілігім кірлетпесем,
Тап-таза көңіліңді тасбұлақтай!

III жыр

Жасырман, тұл жетіммін дінім қатты,
Кей-кейде содан шығар тілім батты.
Артынан ағаттығым еске түсіп,
Жүрегім тайдай тулап діріл қақты.

Шапқылап шаңына ермей «мығым көштің»,
Әйтеуір қоңыртөбел ғұмыр кештім.
Мақтанам, маған деген өзгерте алмас
Жаныңа ұялаған ұғымды ешкім.

ГҮЛНАРҒА

Жездемді тастайын деп «бір қатырып»,
Артық сөз айтқан жоқсың, тіл батырып.
Балдызым, балғын жүзді қашан көрсем,
Тұрады қос жанарың нұрға тұнып.

Ешкімге болған жоқсың таба, күлкі,
Сақтадың жаз қалпыңды бала күнгі.

Сыпайы мінезіңнен, әдебіңнен,
Кейінгі келін-кепшік алады үлгі.

Азырақ ар ақтарсам, алға ұзап мен,
Жаныңды түсінген аз, балдыз, әттең!
Тілейді тілеуінді шетте жүріп,
Ибалы Иісжандай жалғыз әкпең.


Тұрса да көп қиындық басқа үйіліп,
Көрмедің көздеріңе жас та үйіріп.
Жарқылдап жүресің де, досың түгіл,
Тұрасың қарсы келген қасқа иіліп.

Қос ұлың түсті есіме кенет менің,
Ешкімнен сен оларды кем етпедің.
«Бақытым — балаларым күні ертеңгі»
Бір кезде дәл осылай демеп пе едің.

Шындыққа айналды оның осы күні,
Біледі отбасыңның досы мұны.
Тағы да біздің тілек қос ұлыңның,
Шығатын биіктерден болсын үні.

Сезбедім мінезіңнен қызбалықты,
Келесің ғұмыр кешіп бір қалыпты.
Болады бағаң биік қашан дағы,
Бойыңнан жоғалтпасаң ибалықты.

Көңілінде сайрап талай жатқан ізді,
Балдызым, жезден бүгін хатқа тізді.
Әрқашан жүрсең болды мөлдірлікті,
Анаңнан жұғып қалған сақтап ізгі.



ЗЕЙІНГЕ

Жүрсең де көз алдымнан қиыс кетпей,
Қалды, рас, ойым саған дұрыс жетпей,
Басқаға бауыр басып, өз әкеңе
Өстің сен маңдайыңнан иіскетпей.

Ойымды қайтем осы хатқа орамай,
Сыртта өстің, өз үйіңе жат баладай.
Ержетіп, ес білген соң қалған жоқсың,
Жақсы ма, жаманы ма жалт қарамай.

Сен алғаш сөйлегенде бұрап тілді,
Шаттықтан туған анаң жылап, күлді.
Ержетіп есейген соң ағаң бізден, —
«Ол маған іні ме?» — деп сұрап білді.

Сыртыңнан орасақ та ақ тілеуге,
Тіл бармас өз орныңды таптың деуге.
Бақытты бағаламай үйге кірген,
Сыйлаппыз қолымыздан «жат» біреуге.

Отырып, ойнап-күліп, тіземде өспей,
Жат болдың, содан-дағы жүрем бөспей.
Ұстатып тағдырыңды жат қолына,
Жасаппын бір қателік түзелместей.

Тұрса да көңіліме талай сыр кеп,
Айтпадым тыңдауға оны қалайсың деп?
Абайсыз ұшырасса жанарымыз,
Сырт беріп суық көзбен қарайсың тек.

Өзіңсің біздер үшін қымбатты адам,
Тымырсық бола берме, тіл қат, балам!
Байқалса мінезіңнен бір қыңырлық,
Оған мен кінәлімін, кімге ақталам?!

Жүрсең де ойларыммен сен санаспай,
Қал демен биік-биік белден аспай.
Сыртыңнан біз тілейміз ертелі-кеш,
Бақытын тапса екен деп енді адаспай.

ҚЫСҚА ҚАЙЫРЫМДАР

Қайдасың, жүрмін сені кезіктірмей,
Жатамын кейде таңға есікті ілмей.
Адасып қалғаным ба айдалада,
Жаныңның құпиясын сезіп білмей.

* * *

Қайтем деп қатал жанға иық керіп,
Отырам қиялыма ырық беріп,
Сондайда жалтақтаймын есік жаққа,
Сен үйге қуантардай кіріп келіп.

* * *

Жүрсің дәйім сен есімде,
Айтсам адал сыр ақтарып,
Сүйем десем сенесің бе?
Бейне Мәжүн сияктанып.

Естігенде бұл сөзімді,
Тұрдың маған қарап, үркіп.
Оттай жанған сыр-сезімді,
Сенен қалай қалам іркіп?!

Қасымнан сәл ұзамашы,
Қаламын ғой жалғызсырап.
Талабымды тұсамашы,
Жүрген жоқпын «қарғыс» сұрап.

ӘКПЕМЕ

Түсімді түнде көрген жорып-ап мен,
Қараймын келеді деп жолыңа, әпкем.
Мендегі сағынышты білер едің,
Осы хат барып тисе қолыңа, әттең!
Болсын деп құлынымның жүрегі ізгі,
Бір ана екеумізге нұр емізді.
Ержеттік қатал өмір қақ айырып,

Орады сағынышқа, міне, бізді.
Еске алар сонау балғын шағын әркім,
(Сол күндер оралар ма тағы, бәлкім).
Сынарын іздеген бір қозыға ұқсап,
Өмірде сені мендей сағынар кім?!

* * *

Қалған соң нұрлы бейнең көзімде өшпей,
Тұрам ба өзінді іздеп теңіз кешпей.
Сапарға шықсам ылғи аландаймын,
Көңілім болып, рас, жетім көштей.
Сен бірақ ұмыттыға жорымағын,
(Кеудеме кетті тентек толып ағын).
Аяулы арманымдай ақ құсым-ең,
Қайдасың, қайтып қашан жолығамын?!

ҚАРТТАРЫМ БАР

Баршы жанға бір басын сыйландырған,
Тыңдаушысын сөзіне иландырған.
Қарттарым бар ауылда абзал жүрек,
Дидарында, көзінде иман тұрған.
Сәлем берсең қасына байқап барып,
Сыр шертеді басын бір шайқап қалып.
“Қай баласың өзің” деп сұрайды да,
Ата текті айтады қайта ақтарып.
Бірінің-бірі сыйлап, тыңдап сөзін,
Сонау өткен еске алып қымбат кезің.
Айтады әр нәрсенің жөн-жосығын,
Отырмайды ондайда бұлдап та өзін.
Жырланған жоқ қарттарым толық әлі,
Ар-ұяты ұрпақтың қорығаны.
Жас па әлде жасамыс па — барса алдына
Куәсіне тарихтың жолығады.

* * *

Жалғыз сәтке бөлмесем де ірге елден,
Қалмаған қайран көңілім менің кімдерден.

Келемін бірақ ешкімге залал тигізбей,
Бақытымды іздеп, алдағы алыс күндерден.
Кейбіреу көзге өтірік күліп жүр мақтап,
Ал біреулер айтады ойын жұмбақтап.
Адалдығымды айырып анық сезгендер,
Таласқан түсем тұрады мені шын жақтап.
Бере ме пайда кеудені керген бос мақтан,
Аулақтап жүрем сол үшін мәнсіз оспақтан.
Бақыт деп білем көңілге шуақ құятын,
Жаны адал жайсаң дос тапқан.

О, жер-ана, шыдамды едің сен неткен,
Төскейіңнен күркіреп, тас қопарып сел де өткен.
Соқа тісі тілгілеп жатқанда да жотанды,
Жан болмады-ау селт еткен.
Айтпақ емен, әрине, өзің жайлы ой тыңнан,
Шағын жырға осынау сия қоймас өр тұлғаң.
Суық қолдар сумандап, қашырса да көркінді,
Кенде етпедің пенденді қойнындағы отыңнан.
Қолдан салды адамдар уды апарып дөніңе,
Жара түсті жазылмас содан барып тәніңе.
Бұлақ қаңсып әнеки, тоғай тозып кетсе де,
Кешіріммен қарайсың кей адамға әлі де.
Сыртың қораш болғанмен, қолтығыңның кеңдігін
Түсінетін адамдар арамызда кем бүгін.
О, жер-ана, қанша қайсар болсаң да,
Қиянатқа жол бермей, серпілетін келді күн.

* * *



ЖАСЫРМАН САҒАН АРНАП

(*Мұратқа*)

Ұйықташы, мазаламай жүрші, қарғам,
Төр үйде төсегің түр сені күтіп.
Жасырман саған арнап жыр шығарғам,
Жатамын мен қасыңа соны бітіп.

Кеудеме түнде келіп қонған түс ей,
Қарашы ұстатпауын жырдың қашып.
Бір түлкі арман деген қолға түспей,
Мен соны қуалаумен жүрмін қажып.

Осынша азап шегіп терлегенде,
Жүргем жоқ бүкіл елді таңғалдырып.
Бәрін де түсінесің ержеткенде,
Қазірге сен ұйқыңды ал қандырып.

Көп күнің сенің, қарғам, үйде өтеді,
Алаңсыз ойын қуған кезінде бір.
Асықпа барлығын да үйретеді,
Күреске шақырғанда өзінді өмір!

1969 жыл.

* * *

Сағынышым ұлғайғалы көп күлмей,
Әңгіме айтпас болып алдым желпініп.
Көкірекке нұрлы самал өптірмей,
Қалғандай ма кең далада жел тынып?!

* * *

Бар жұртқа демесем де жүрмін ұнап,
Жасымнан сүйген жанмын жырды құлап.
Халқымның тілін дәйім қадір тұтып,
Сөлекет сөйлемедім тілді бұрап.

* * *

Уақыт зулап, жастық дәурен кетті алыс,
Ұмыт болды, бала күнгі көп таныс.
Кеуделеген кешегі бір арынды
Шабан тартты лаулап жанған өрт шабыс.

МАРФУҒАҒА

Сен түскелі біздің үйге келін боп,
Қыдырыстап баратұғын жерім көп.
Қолы босап күйбеңінен тірліктің,
Қалды енеңнің жұмысы да жеңілдеп.

Кеудем нұрға толды жұмсақ сөзіңнен,
Айналайын, мейір тұнған көзіңнен.
Адам жанын аялауды қашанда,
Сезем іштей, үйренді ұлым өзіңнен.

Біз жұпыны отбасымыз жасырман,
Өлең деген өнер қудым жасымнан.
Басымызға бас қосылды сен келіп,
Байлық деген сол емес пе тасынбай.

Игі ісінді ізгілікке балайтын
Жақының бар, жанашырға санайтын.
Сенімімді сетінетпей серпілтер
Бір балам бол, мақтаныма жарайтын.

Осы қазір төрт қолдаймыз жұптасқан,
Біз келеміз жол үстінде жұрт басқан.
Ата салты сабақталсын сананда,
Марфуғажан, бұл ойымды ұқ бастан!



МҰХТАРМЕН МҰНДАСҚАНДА

Бас ұрып бала күннен ұлы Абайға,
Жүрдің сен небір сырлар құрап ойға.
Қолыңа қалам алдың асыл арман,
Жеміс боп жетілгенде тұла бойға.

Жарқ еткен туған өлке нұр таңындай,
(Жырымнан саған теңеу түр табылмай)
Әйткенмен ағындадың бәйгеде ылғи,
Абайдың оза шапқан тұлпарындай.

Ой салып көрген жанға тұрған қалпың,
Дер мүмкін қолдан қашап күйған ба алтын!
Танылды ұлы Абайың арқылы бір,
Өзіңмен әлемге анық туған халқың.

Азайып өнерді ұғар сынық, текті,
Сүбелі сөзді байлар сырып, тепті.
Осындай оспаларды көрген сәтте,
Айнасы көңілімнің сынып кетті.

Өз даңқың жайлап алған қиыр түпті,
Бізге оны тәңір мәңгі бұйыртыпты.
Жандарды жасыра алман менсінбейтін,
Аяулы Абайымның тілін тіпті.

Ойларын отыр деме кіл өсіріп,
Ақшалы ақи көздер жүр есіріп.
Сөзіңе өгей ұлдай қарағанға
Кетсе-ші ұлы Абайдың киесі ұрып.

Тілектер жетімсіреп, тілді құптар,
Сәл сәтке арзандап түр құндылық бар.
Келімсек келмес еді қарсы деймін,
Жүрсе егер ортамызда ұлы Мұхтар!

Көкке ұшып кеткен бейне болып қыран,
Бейненді қиялда көп жолықтырам.
Сен жайлы жақсы лебіз ести қалсам,
Қазақтың мерейі деп жорып тұрам!

ТЕРБЕДІҢ ОЙЛАР

(Зейнолла Серікқалиұлына)

Құндыз ең сәнді жағаға,
Ойымда осы бар шыным.
Төзбеді жаның жалаға,
Тисе де табы қамшының.

Жан едің күліп, жарқылдап,
Қазақтан талай дос тапқан.
Бармады саған жақындап,
Өтірік-өсек, бос мақтан.

Жігерің сондай күшті еді,
Біледі мұны көп құрбы.
Қаламың қолдан түспеді,
Тербедің ойлар бек құнды.

Талпынып мініп, атқа ерте,
Таныттың елге даусыңды.
Жігіт ең көркем, ақбөрте,
Көрінер көзге тау сыңды.

Ырғай боп өтгің өмірден,
Дауылға соққан шарт сынбай,
Келсем де басқа өңірден,
Бауырыңа тарттың жатсынбай.

Ақылды, жұмсақ сөздерің,
Толтырған нұрға кеудемді.
Жәудіреп қарап көздерім,
Сағынар сәттер келді енді.



ӨЗІҢСІҢ

Болғанда өз жайымды шамалар күн,
Айтады жақсы лебіз маған әркім.
Бір сәтке соның бәрін жиып қойсам,
Өзіндей мені, сірә, бағалар кім?

Кезде де арман қуып, шауып шыққан,
Емессің талабымның тауын жыққан.
Әрқашан бақытындай биік ұстап,
Өзіңсің әлпештеген, жанымды ұққан.

Сонау бір албыраған гүл кезіңнен
Өткіздім өмірімді бірге өзіңмен.
Қалжырап, шаршаған шағыңда да
Көремін бір арайлы нұр көзіңнен.

Несіне сырды сенен күрмей берем,
Кейде үйге көп қиындық сүйрей келем.
Кездейсоқ кірсем бұлттың арасына
Өзінді жан жылытар күндей көрем.

Бар парыз болмаса да тіпті өтеліп,
Қайтемін өткендерді текке теріп.
Абайсыз құлап қалсам, қолтығымнан,
Өзіңсің демейтұғын тік көтеріп.

КӨКТЕМ

Қабағын ашып жарқырап,
Көктем де келді тау саған.
Бұлақтың суы сарқырап,
Бақтарға жетті сусаған.
Жерімді бір сәт жіпсітті,
Кеберсіп кепкен тандайын.
Кара тастар да бір сүртті,
Тершіген жалтыр маңдайын.
Даланың шаңын суырмай,

Сал самал баяу қыр кезді.
Жанары жарқын сұлудай,
Ақ қайың арбап түр кезді.
Ойласам да өмір көптен мен,
Сұраман бақыт басы артық.
Айырма жерді көктемнен,
Кететін жылда жасартып!

АҢСАЙМЫН

Лапылдап жүрек оты жанбас еді,
Көктемнің тиді ерекше жанға әсері,
Әндетіп өте шыққан дәл төбемнен,
Ұқсатам көл аңсаған қазға сені.

Төңірек көкшіл торғын, барша әдемі,
Еседі көктеменің майса лебі.
Қараймын жыл құсына сағынышпен,
Бар ма деп қанатында жар сәлемі.

Серік қып сағынышқа айды мына,
Жүзімді жудым барып ақ нұрына.
Кеудеме толқын өрген сезімімнің,
Қонсаңшы жыл құсы боп айдынына.

Сырлы әні аққулардың көкті кернеп,
Менің де жүрегімді кетті тербеп.
Әкеліп жан көктемін өзі маған,
Аңсаймын арманыма жеткізер деп!

МЕН ОЙЛАЙМЫН

Мен алдағы жылды ойлаймын,
Жалғасар жол болған соң.
Мен жазатын жырды ойлаймын,
Бейнетім сол болған соң.
Мен ертеңгі күнді ойлаймын,